

Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және Қылмыстық-атқару кодекстеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы. 2002 жылғы 21 желтоқсан N 363-II

Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 15-16, 211-құжат; 1998 ж., N 16, 219-құжат; N 17-18, 225-құжат; 1999 ж., N 20, 721-құжат; N 21, 774-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53, 54-құжаттар; 2002 ж., N 4, 32, 33-құжаттар; N 17, 155 - құжат) :

1) 32-баптың үшінші бөлігі мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Адам өміріне қол сұғушыға не қаруды қолданумен немесе қолдануға әрекет етумен ұштасқан өзге де қол сұғушылыққа тойтарыс беру кезінде адамға зиян келтіру қажетті қорғаныс шегінен шығу болып табылмайды.";

2) 42-баптың үшінші бөлігіндегі "сегіз жасқа дейінгі" деген сөздер "үш жасқа дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 45-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"45-бап. Бас бостандығын шектеу

1. Бас бостандығын шектеу соттың сотталған адамға оның бас бостандығын шектейтін белгілі бір міндеттер жүктеуінен тұрады және қоғамнан оқшауламай бір жылдан бес жылға дейінгі мерзімге мамандандырылған органның қадағалауымен оның тұрғылықты жері бойынша өтеледі. Өзге жаза (қоғамдық жұмыстарға немесе түзеу жұмыстарына тарту) бас бостандығын шектеуге ауыстырылған жағдайда, ол бір жылға жетпейтін мерзімге тағайындалуы мүмкін.

Сот бас бостандығын шектеу түрінде жаза тағайындай отырып, сотталған адамға: мамандандырылған органға хабарламай тұрақты тұратын, жұмыс істейтін және оқитын жерін өзгертпеу, мамандандырылған органның рұқсатынсыз белгілі бір жерлерге бармау, оқудан және жұмыстан бос уақытта тұрғылықты жерінен кетпеу, басқа да жерлерге бармау міндеттерін орындауды жүктейді. Сот, бас бостандығын шектеуге сотталған адамға оның түзелуіне ықпал ететін басқа да міндеттерді орындауды: алкогольге салынудан, нашарлықтан, уытқұмарлықтан, жыныс жолдары арқылы жұғатын аурулардан емделу курсынан өтуді, отбасын материалдық қолдауды жүзеге асыруды жүктей алады.

2. Бас бостандығын шектеуге сотталған адам жазаны өтеуден қасақана жалтарған жағдайда сот бас бостандығын шектеудің өтелмеген мерзімін нақ сол мерзімге бас

бостандығынан айыру түріндегі жазамен ауыстыра алады. Бұл ретте бас бостандығын шектеуді өтеу уақыты бас бостандығын шектеудің бір күні үшін бас бостандығынан айырудың бір күні есебінен бас бостандығынан айыру мерзіміне есептеледі.

3. Бас бостандығын шектеу ауыр және аса ауыр қылмыс жасағаны үшін сотталғандығы бар адамдарға, әскери қызметшілерге, сондай-ақ тұрақты тұратын жері жоқ адамдарға қолданылмайды.

4. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеу кезеңінде сот сотталған адамның мінез-құлқын қадағалауды жүзеге асыратын органның ұсынысы бойынша сотталған адамға бұрын белгіленген міндеттердің күшін толық немесе ішінара жоя алады.";

4) 53-баптың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы баптың бірінші бөлігінің д) және к) тармақтарында көзделген жазаны жеңілдететін мән-жайлар болған және ауырлататын мән-жайлар болмаған жағдайда, жаза мерзімі немесе мөлшері осы Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті бабында көзделген жазаның неғұрлым қатаң түрінің ең жоғары мерзімінің немесе мөлшерінің ауыр емес және орташа ауыр қылмыс жасаған кезде - жартысынан, ауыр қылмыс жасаған кезде - үштен екісінен, аса ауыр қылмыс жасаған кезде төрттен үшінен аспауға тиіс.";

5) 58 - б а п т а :

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Егер қылмыстар жиынтығында тек ауыр емес және орташа ауыр қылмыстар қамтылса, онда түпкілікті жаза қатандығы жеңілірек жазаны неғұрлым қатаң жазаға сіңіру жолымен тағайындалады.";

ү ш і н ш і б ө л і к т е :

"орташа ауырлықтағы қылмыс," деген сөздер алып тасталсын;

"түпкілікті жаза" деген сөздерден кейін "қатандығы жеңілірек жазаны неғұрлым қатаң жазаға сіңіру жолымен не" деген сөздермен толықтырылсын;

б) 59-баптың екінші бөлігіндегі "жартысынан", "үштен екісінен", "төрттен үшінен" деген сөздер тиісінше "үштен бірінен", "жартысынан", "үштен екісінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 63 - б а п т а :

бірінші бөліктегі "бас бостандығын шектеу," деген сөздер алып тасталсын;

бесінші және жетінші бөліктер алып тасталсын;

8) 64 - б а п т а :

екінші бөліктегі "өзіне сот жүктеген міндеттерді орындаудан жалтарса немесе" деген сөздер алып тасталсын;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Шартты түрде сотталған адам сынақ мерзімі ішінде қоғамдық тәртіпті үнемі және қасақана бұзған жағдайда, сот осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген органның ұсынысы бойынша шартты түрде соттаудың күшін жою және сот үкімімен тағайындалған жазаны орындау туралы қаулы етеді.";

9) 67-бап мынадай редакцияда жазылсын:
"67-бап. Жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату

1. Ауыр емес қылмыс жасаған немесе адамның қайтыс болуымен немесе оның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес орташа ауыр қылмысты бірінші рет жасаған адам, егер ол жәбірленушімен татуласса және келтірілген зиянның есесін толтырса, қылмыстық жауаптылықтан босатуға жатады.

2. Орташа ауыр қылмыс жасаған адам, егер ол жәбірленушімен татуласса және жәбірленушіге келтірілген зиянның есесін толтырса, қылмыстық жауаптылықтан б о с а т ы л у ы

м ү м к і н . " ;

1 0) 7 0 - б а п т а :

екінші бөліктегі "63-бабының бесінші бөлігінде көзделген" деген сөздер "45-бабының бірінші бөлігінде көзделген" деген сөздермен ауыстырылсын;

ү ш і н ш і б ө л і к т е :

а) тармағындағы "кемінде жартысын" деген сөздер "кемінде үштен бірін" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

б) тармағындағы "кемінде үштен екісін" деген сөздер "кемінде жартысын" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

в) тармағындағы "кемінде төрттен үшін" деген сөздер "кемінде үштен екісін" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

алтыншы бөлік "оған" деген сөзден кейін "босатылған адамның тұрғылықты жері бойынша - " деген сөздермен толықтырылсын;

1 1) 7 1 - б а п т а :

бірінші бөліктегі "немесе орташа ауырлықтағы" деген сөздер ", орташа ауыр және ауыр" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жазаның өтелмеген бөлігі, сотталған адам ауыр емес және орташа ауыр қылмыс жасағаны үшін жаза мерзімінің кем дегенде үштен бір бөлігін, ауыр қылмысы үшін немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен ерте босатылған және жазаның өтелмей қалған бөлігі кезеңінде жаңа қылмыс жасаған адам жаза мерзімінің жартысын нақты өтегеннен кейін жазаның неғұрлым жеңіл түрімен а у ы с т ы р ы л у ы м ү м к і н . " ;

12) 72-баптың бірінші бөлігіндегі "сегіз жасқа", "балалары" деген сөздер тиісінше " он төрт жасқа", "баласы" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 3) 7 9 - б а п т а :

бірінші бөлік мынадай мазмұндағы г-1) тармақпен толықтырылсын:

"г-1) бас бостандығын шектеу;" ;

мынадай мазмұндағы 5-1-бөлікпен толықтырылсын:

"5-1. Кәмелетке толмағандарға бас бостандығын шектеу бір жылдан екі жылға

дейінгі мерзімге тағайындалады."; жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айыру он жылдан аспайтын, ал ауырлататын мән-жайларда кісі өлтіргені үшін немесе қылмыстардың жиынтығы бойынша қылмыстардың біреуі ауырлататын мән-жайларда кісі өлтіргені үшін - он екі жылдан аспайтын мерзімге тағайындалуы мүмкін. Он төрт жастан он сегіз жасқа дейін ауыр емес қылмысты және он төрт жастан он алты жасқа дейін орташа ауыр қылмысты бірінші рет жасаған адамдарға бас бостандығынан айыру тағайындалмайды.";

1 4) 1 1 1 - б а п т а :

бірінші бөліктегі ", не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға" деген сөздер алып тасталсын;

төртінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"елу айлық есептік көрсеткіштен екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның бір айдан екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде айыппұл салуға, не жүз сағаттан екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не төрт айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға жазаланады.";

15) 114-баптың үшінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"елу айлық есептік көрсеткіштен екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не төрт айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз жазаланады.";

16) 115-баптың бірінші бөлігінде:

"түзеу жұмыстарына," деген сөздерден кейін "не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге," деген сөздермен толықтырылсын;

", не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға" деген сөздер алып тасталсын;

17) 137-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"елу айлық есептік көрсеткіштен жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның бір айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға немесе жүз сағаттан екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз екі жыл мерзімге дейін бас бостандығын шектеуге жазаланады.";

18) 175-баптың екінші бөлігіндегі "алты" деген сөз "бес" деген сөзбен ауыстырылсын;

19) 176-баптың екінші бөлігіндегі "алты" деген сөз "бес" деген сөзбен ауыстырылсын;

20) 177-баптың екінші бөлігіндегі "алты" деген сөз "бес" деген сөзбен ауыстырылсын;

21) 182-баптың бірінші бөлігіндегі ", не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға" деген сөздер алып тасталсын;

22) 183 - бапта :

бірінші бөліктегі ", не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға" деген сөздер алып тасталсын;

үшінші бөліктегі "алты" деген сөз "бес" деген сөзбен ауыстырылсын;

23) 184-баптың бірінші бөлігіндегі "бас бостандығынан айыруға" деген сөздер "бас бостандығын шектеуге" деген сөздермен ауыстырылсын;

24) 185 - бапта :

бірінші бөлік "үш жылға" деген сөздердің алдынан "бес жүз айлық есептік көрсеткіштен екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның үш айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде айыппұл салуға немесе" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктегі "алты" деген сөз "бес" деген сөзбен ауыстырылсын;

25) 188-баптың бірінші бөлігі "айыппұл салуға" деген сөздерден кейін "немесе жүз сағаттан екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға" деген сөздермен толықтырылсын;

26) 190-баптың бірінші бөлігіндегі "сақтаумен және өткізумен" деген сөздер "сақтаумен не өткізумен" деген сөздермен ауыстырылсын;

27) 196-баптың бірінші бөлігі "түзеу жұмыстарына," деген сөздерден кейін "не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге," деген сөздермен толықтырылсын;

28) 198-бап "түзеу жұмыстарына," деген сөздерден кейін "не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге," деген сөздермен толықтырылсын;

29) 223-баптың ескертуіндегі "алтыдан бір" деген сөздер "үштен бір" деген сөздермен ауыстырылсын;

30) 227 - бапта :

бірінші бөлігі "ақпаратқа заңсыз кіру," деген сөздерден кейін "сол сияқты ЭЕМ-ге, ЭЕМ жүйесіне немесе олардың желісіне кіре алатын адамның ЭЕМ-ді, ЭЕМ жүйесін немесе олардың желілерін пайдалану ережелерін бұзуы," деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктегі ", сондай-ақ ЭЕМ-ге, ЭЕМ жүйесіне немесе олардың желісіне кіре алатын адам" деген сөздер алып тасталып, "бойынша жасалған" деген сөздерден кейін "немесе" деген сөзбен толықтырылсын, "топ не" деген сөздер "топ жасаған не адам"

деген сөздермен ауыстырылсын;

31) 236-баптың екінші бөлігіндегі "бес" деген сөз "үш" деген сөзбен ауыстырылсын;

32) 248-баптың үшінші бөлігіндегі в) тармағы алып тасталсын, б) тармағы "топ" деген сөзден кейінгі нүктелі үтір алып тасталып, "жасаған әрекеттер - " деген сөздермен толықтырылсын;

33) 252-баптың төртінші бөлігі "жүз сексен" деген сөздердің алдынан "екі жүз айлық есептік көрсеткіштен бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның төрт айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде айыппұл салуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

34) 253-баптағы ", не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға" деген сөздер алып тасталсын;

35) 255-баптың төртінші бөлігіндегі в) тармағы алып тасталсын, а) тармағы "топ" деген сөзден кейін "жасаса" деген сөзбен толықтырылсын, б) тармағы "қорқыту арқылы" деген сөздерден кейінгі нүктелі үтір алып тасталып, "жасалса" деген сөзбен толықтырылсын;

36) 257-баптың бірінші бөлігінде:

"жүз жиырма" деген сөздердің алдынан "екі жүз айлық есептік көрсеткіштен бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның төрт айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде айыппұл салуға, не" деген сөздермен толықтырылсын;

"үш жылға" деген сөздер "екі жылға" деген сөздермен ауыстырылсын;

37) 272-баптың бірінші бөлігі "алты айға" деген сөздердің алдынан "екі жүз айлық есептік көрсеткіштен бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның төрт айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде айыппұл салуға, не" деген сөздермен толықтырылсын;

38) 273-баптағы "үш" деген сөз "екі" деген сөзбен ауыстырылсын;

39) 276-баптың екінші бөлігіндегі "не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға" деген сөздер "не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға" деген сөздермен ауыстырылсын;

40) 347-баптың екінші бөлігі алып тасталсын;

41) мынадай мазмұндағы 347-1-баппен толықтырылсын:

"347-1-бап. Қинау

1. Тергеушінің, анықтауды жүргізуші адамның немесе өзге лауазымды адамның қиналушыдан немесе үшінші адамнан мәліметтер алу немесе мойындату, не оны ол жасаған немесе жасады деп күдік келтірілген іс-әрекет үшін жазалау, сондай-ақ оны немесе үшінші адамды кез келген сипаттағы кемсітуге негізделген кез келген себеп бойынша қорқыту немесе мәжбүр ету мақсатымен әдейі тән зардабын және психикалық

з а р д а п

ш е к т і р у і ,

-

екі жүз айлық есептік көрсеткіштен бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде айыппұл салуға, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымды атқару құқығынан айыруға, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2 . Д ә л с о л ә р е к е т :

а) адамдар тобымен немесе алдын ала сөз байласқан адамдар тобымен;

б) б і р н е ш е р е т ;

в) денсаулыққа орташа ауыр зиян келтірумен;

г) кінәлі адам жүкті әйелге қатысты көрінеу жасаса немесе кәмелетке толмаған адамға қ а т ы с т ы ж а с а л с а , -

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Дәл сол әрекет жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келтіруге немесе абайсызда оның өліміне әкеп соқса, -

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Е с к е р т у .

Лауазымды адамдардың заңды іс-әрекеті нәтижесінде келтірілген тән зардабы және психикалық зардап қинау деп танылмайды.";

42) 353-баптың тақырыбындағы және мәтініндегі "немесе жалтаруы" деген сөздер а л ы п т а с т а л с ы н ;

43) 370-баптың бірінші бөлігіндегі "немесе үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға" деген сөздер алып тасталсын;

44) 371-баптың бірінші бөлігіндегі "не сол мерзімге тәртіптік әскери бөлімде ұстауға" деген сөздер алып тасталсын;

4 5) 3 7 2 - б а п т а :

үшінші бөліктегі ", не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға" деген сөздер алып тасталсын;

төртінші бөліктегі "бес" деген сөз "үш" деген сөзбен ауыстырылсын;

4 6) 3 7 3 - б а п т а :

бірінші бөліктегі "жеті" деген сөз "бес" деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "он" деген сөз "жеті" деген сөзбен ауыстырылсын;

47) 374-баптың екінші бөлігіндегі "жеті" деген сөз "бес" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

48) 378-баптың бірінші бөлігіндегі ", не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға" деген сөздер алып тасталсын.

2. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 23, 335-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; N 15-16, 239-құжат; N 17-18, 245-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 32, 33-құжаттар; N 17, 155-құжат):

1) 37-баптың бірінші бөлігінің 5) тармағы "болмауы" деген сөзден кейін ", Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 67-бабының бірінші бөлігінде көзделген жағдайларда, жәбірленушінің күдіктімен немесе айыпталушымен татуласуы" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 68-баптың екінші бөлігіндегі "алғашқы жауап алу аяқталғаннан кейін" деген сөздер алып тасталсын;

3) 69-баптың екінші бөлігі "кез келген көлемде көшіріп алуға;" деген сөздерден кейін "айыптау қорытындысының және оның қосымшаларының көшірмелерін алуға;" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 83-баптың үшінші бөлігі "аудармашының тегін көмегін пайдалануға;" деген сөздерден кейін "аудармашыдан бас тартуға;" деген сөздермен толықтырылсын";

5) 84-баптың екінші бөлігі "қылмыстық процесті жүргізуші органның іс-әрекетіне шағым жасауға;" деген сөздерден кейін "аудармашыдан бас тартуға;" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 108-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"108-бап. Анықтаушының, анықтау органының, тергеушінің, прокурордың іс-әрекеті мен шешіміне шағымды қарау тәртібі";

7) 110-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Судья қылмыстық ізге түсу органынан істі талап етіп ала отырып, іс түскен кезден бастап үш тәуліктен кешіктірмей жабық отырыста прокурордың күдіктіге, айыпталушыға бұлтартпау шарасы ретінде қамауды қолдануға берген санкциясының заңдылығы мен негізділігін тексеруді жеке өзі жүзеге асырады. Қылмыстық ізге түсу органы судьяның сұрау салуын алғаннан кейінгі үш тәуліктің ішінде оған қылмыстық істі табыс етуге міндетті.";

8) 116-баптың бірінші бөлігінің 1) тармағындағы "күш қолдану" деген сөздің алдынан "қинау," деген сөзбен толықтырылсын;

9) 121-бапта:

екінші бөлік "Заттай" деген сөз кіші әріппен жазылып, оның алдынан "Осы Кодекстің 223-бабының төртінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөліктің 4) тармағы "өзге де құндылықтар" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ заңсыз кәсіпкерлік және контрабандалық заттар" деген сөздермен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

10) 125-баптың үшінші бөлігінде:

"жеке адамдардан" деген сөздер "олардың келісімімен адамдардан" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"заңмен белгіленген тәртіпте" деген сөздер "он күн ішінде" деген сөздермен ауыстырылсын ;

11) 150-баптың бірінші бөлігіндегі "заңмен екі жылдан артық мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген қылмыс жасалғандығына" деген сөздер "заңмен екі жылдан артық мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген әдейі қылмыс жасалғандығы және заңмен үш жылдан артық мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген абайсызда қылмыс жасалғандығы үшін" деген сөздермен ауыстырылсын ;

12) 160-баптың бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Кодекстің 75, 82, 84, 85, 86, 145, 147-баптарында көзделген іс жүргізу міндеттерін орындамағаны және сот отырысында тәртіп бұзғаны үшін жәбірленушіден, куәдан, маманнан, аудармашыдан және өзге де адамдардан ақша өндіріліп алынуы мүмкін ." ;

13) 191-баптың үшінші бөлігіндегі "салық полициясы" деген сөздер "қаржы полициясы" деген сөздермен ауыстырылсын ;

14) 192 - бапта :

екінші бөлікте :

"367-бабында (екінші және төртінші бөліктерінде)" деген сөздер "367-бабында (төртінші бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"372-бабында (төртінші бөлігінде)," деген сөздер алып тасталсын ;

"374-бабында (бірінші және екінші бөліктерінде)" деген сөздер "374-бабында (екінші бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"378-бабында (екінші бөлігінде), 379-бабында (екінші бөлігінде), 387-бабында (екінші бөлігінде)" деген сөздер алып тасталсын ;

үшінші бөліктегі "176-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде)," деген сөздер алып тасталсын ;

4-1-бөлігі "311-бабында (үшінші және төртінші бөліктерінде)" деген сөздерден кейін ", 347-1-бабында, 380-бабында (екінші бөлігінде), 381-бабында (екінші бөлігінде)" деген сөздермен толықтырылсын ;

15) 285 - бапта :

екінші бөліктегі ", 369 (бірінші бөлігінде)" деген сөздер алып тасталсын ;

бесінші бөлікте :

"367 (бірінші бөлігінде)" деген сөздер "367 (бірінші және екінші бөліктерінде)" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"370 (бірінші және екінші бөліктерінде)" деген сөздер "368 (бірінші бөлігінде), 369 (

бірінші бөлігінде), 370 (бірінші және екінші бөліктерінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"372 (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде)" деген сөздер "372 (бірінші, екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"373 (бірінші бөлігінде)," деген сөздерден кейін "374 (бірінші бөлігінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

"378 (бірінші бөлігінде)" деген сөздер "378 (бірінші және екінші бөліктерінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"379 (бірінші бөлігінде), 387 (бірінші бөлігінде)" деген сөздер "379 (бірінші және екінші бөліктерінде), 380 (бірінші бөлігінде), 381 (бірінші бөлігінде), 387 (бірінші және екінші бөліктерінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-1-бөліктегі "салық полициясы" деген сөздер "қаржы полициясы" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 286-баптың алтыншы бөлігіндегі ", сондай-ақ егер анықтаушының пікірінше дәлелдемелерді бекіту үшін жауап алу қажет болғанда" деген сөздер алып тасталсын;

17) 347-баптың бірінші бөлігі "тергеуінде" деген сөзден кейін "айыптаушы және қорғаушы" деген сөздермен толықтырылсын;

18) 363 - бапта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Ауыр емес және орташа ауыр қылмыстар туралы істер бойынша, егер:

1) сотталушы өзінің кінәсін толық көлемінде, оның ішінде өзіне қойылған талап-арызды мойындаса;

2) сотқа дейінгі іс жүргізу барысында процеске қатысушылардың құқығына нұқсан келтіретін, осы Кодексте белгіленген ережелердің бұзылуына жол берілмесе;

3) процеске қатысушылар іс бойынша жиналған дәлелдемелердің қатыстылығы мен жол берушілігіне дау туғызбаса және оларды сот отырысында зерттеуді талап етпесе, сот талқылауы қысқартылған тәртіппен жүргізіледі.";

екінші бөлік алып тасталсын;

19) 421 - бапта:

бірінші бөліктің 8) тармақшасындағы "құқылы" деген сөз алып тасталып, " белгілеуге" деген сөзден кейін нүктелі үтір қойылсын, мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) егер сот үкімімен тағайындалған жаза тым жұмсақ деп танылса, жаза мөлшерін ұлғайтуға немесе жазаның неғұрлым қатаң түрін тағайындауға құқылы.";

екінші бөліктегі "3)-8)" деген цифрлар "3)-9)" деген цифрлармен ауыстырылсын;

20) 453 - бапта:

5) тармақтағы ", сол сияқты сотталушы үшін белгіленген міндеттерді жою не толықтыру (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 63-бабы) туралы" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақпен толықтырылсын;
"5-1) бас бостандығын шектеуге сотталған адам үшін бұрын белгіленген міндеттердің толық немесе ішінара күшін жою туралы (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 45-бабы);".

3. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 24, 337-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; N 8, 189-құжат; N 18, 339-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат ; N 17-18, 245-құжат; N 24, 338-құжат):

1) 1 4 - б а п т а :

2-тармақтағы "түзеу орталықтары," деген сөздер алып тасталсын;

5-тармақтағы "және өлім жазасы" деген сөздер алып тасталсын;

8 - т а р м а қ т а :

", сондай-ақ" деген сөз "және" деген сөзбен ауыстырылсын;

"оқшаулау орындары атқарады" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ ең ауыр жаза - өлім жазасы тергеушілік оқшаулау орындарында атқарылады" деген сөздермен толықтырылсын ;

2) 33-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаға сотталған адамдардың еңбегін ұйымның пайдалануы өтеусіз негізде жүзеге асырылады. Сотталған адамдар орындаған жұмыстың көлемі мен құны ұйымда қолданылып жүрген бағалау бойынша бөлек есептеледі және есептелген ақшалай қаражат тиісті бюджетке аударылады.";

3) 8-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"8-тарау. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны атқарудың тәртібі мен шарттары

43-бап. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеу орны

1. Бас бостандығын шектеуге сотталған адамдар жазаны оларға қадағалауды қылмыстық-атқару инспекцияларының жүзеге асыруы жағдайында тұратын жері бойынша өтейді .

2. Жергілікті атқарушы органдар қылмыстық-атқару инспекцияларына бас бостандығын шектеуге сотталған адамдардың еңбекке орналастырылып, тұрмыстық жайластырылуына жәрдемдесуге міндетті.

44-бап. Бас бостандығын шектеуге сотталған адамдарды жазасын өтеу орнына жіберу

1. Бас бостандығынан айырудың өтелмеген бөлігі бас бостандығын шектеу түріндегі жазаға ауыстырылған сотталған адамдар күзетте ұстаудан босатылады және жазасын өтеу орнына мемлекет есебінен өздері барады. Түзеу мекемесінің әкімшілігі сотталған адамға оны есепке қою үшін қылмыстық-атқару инспекциясына бару бағыты мен уақытын көрсете отырып, жазаны өтеу орнына бару туралы нұсқама береді.

2. Сотталған адам жазасын өтеу орнына белгіленген мерзімде барып жетпеген жағдайда ішкі істер органдары оны іздестіруді жүзеге асырады.

3. Сотталған адам ұсталғаннан кейін бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан айыруға ауыстыру туралы мәселені шешу үшін материалдар оның ұсталған жеріндегі сотқа беріледі.

45-бап. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаның мерзімін есептеу

1. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаның мерзімі қылмыстық-атқару инспекциясының үкімді орындауға қабылдаған кезінен бастап есептеледі.

2. Сотталған адамның жұмыста немесе тұрғылықты жерінде бір тәуліктен артық өз бетімен болмаған уақыты жаза мерзіміне есептелмейді.

46-бап. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеу тәртібі

1. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтейтін адамдар қадағалауда болады ж ә н е :

қылмыстық-атқару инспекцияларының Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің нормативтік құқықтық актілерімен бекітілген режимдік талаптарын о р ы н д а у ғ а ;

қылмыстық-атқару инспекциясы әкімшілігінің рұқсатынсыз жұмыс, оқу орнын және тұрғылықты жерін ауыстырмауға;

оқудан және жұмыстан бос уақытта тұратын жерінде болуға;

қылмыстық-атқару инспекциясының әкімшілігі белгілеген мерзімде тіркелу және тәрбиелік іс-шаралар өткізуге қатысу үшін қылмыстық-атқару инспекциясына келуге;

жұмыс немесе оқу кестесінің өзгеруі туралы қылмыстық-атқару инспекциясы әкімшілігін жиырма төрт сағат ішінде хабардар етуге;

жеке басын куәландыратын белгіленген үлгідегі құжатты өзімен бірге алып жүруге м і н д е т т і .

2. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеуші сотталған адамдарға жазаны өтеу орны бойынша облыс шегінде орналасқан жоғары және арнаулы орта оқу орындарында оқуға рұқсат етіледі. Сотталған адам қылмыстық-атқару инспекциясы әкімшілігінің келісімімен өзге жерде орналасқан жоғары және арнаулы орта оқу орындарында оқи алады.

47-бап. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеуші адамдардың еңбек жағдайлары

1. Бас бостандығын шектеуге сотталған адамдардың еңбегі, осы Кодекспен белгіленген ережелерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңдарымен р е т т е л е д і .

2. Сотталған адамды басқа жұмысқа, оның ішінде басқа жерге ауыстыру қылмыстық-атқару инспекциясы әкімшілігінің келісімімен жүзеге асырылады.

48-бап. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеуші адамдармен тәрбие жұмысы

1. Қылмыстық-атқару инспекциясының әкімшілігі бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеуші адамдармен тәрбие жұмысын жүргізеді.

2. Сотталған адамдардың тәрбиелік сипатта жүргізілетін іс-шараларға белсенді қатысуы көтермеленеді және түзелу деңгейін анықтаған кезде ескеріледі.

49-бап. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеуші адамдарға қолданылатын көтермелеу шаралары

1. Қылмыстық-атқару инспекциясының әкімшілігі жазаны өтеудің белгіленген тәртібін адал орындағаны үшін сотталған адамдарға мынадай көтермелеу шараларын:

а л ғ ы с ж а р и я л а у ;

бұрын қолданылған жазаны мерзімінен бұрын алу;

демалыс және мереке күндерін тұратын жерінің шегінен тыс жерлерде өткізуге

р ұ қ с а т б е р у ;

демалысын тұратын жерінің шегінен шығып өткізуге рұқсат беру шараларын қ о л д а н а а л а д ы .

2. Сотталған адамдар осы Кодексте белгіленген тәртіппен шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға немесе жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жұмсақ жазамен ауыстыруға ұсынылуы мүмкін.

50-бап. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеуші адамдарға қолданылатын жазалау шаралары

1. Қылмыстық-атқару инспекциясының әкімшілігі жазаны өтеу тәртібін бұзушы сотталған адамдарға мынадай жазалау шараларын:

с ө г і с б е р у ;

демалыс және мереке күндерінде тұратын жерінің шегінен шығуға бір айға дейінгі м е р з і м г е т ы й ы м с а л у ;

бас бостандығын шектеудің бас бостандығынан айырумен ауыстырылуы мүмкін екендігі туралы ескерту шараларын қолдана алады.

2. Қылмыстық-атқару инспекциясының әкімшілігі жазасын өтеуден қасақана жалтарушы адамдарға қатысты бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан айырумен ауыстыру туралы мәселелерді шешу үшін сотқа материалдарды табыс етеді.

51-бап. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеуші адамдарға көтермелеу және жазалау шараларын қолдану тәртібі

1. Көтермелеу және жазалау шаралары жазбаша түрде қолданылады.

2. Жазалау шараларын қолдану кезінде құқық бұзушылық жасалған мән-жайлар, сотталған адамның жеке басы мен оның теріс қылық жасағанға дейінгі мінез-құлқы ескеріледі. Тағайындалатын жаза сотталған адам жасаған теріс қылықтың сипаты мен ауырлығына сәйкес болуға тиіс. Жаза теріс қылық анықталған күннен бастап он

тәуліктен кешіктірілмей, ал егер теріс қылыққа байланысты тексеру жүргізілсе - оның аяқталған күнінен бастап, бірақ теріс қылық жасалған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей тағайындалады. Жаза жиырма төрт сағат ішінде, ал ерекше жағдайларда - ол тағайындалған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей атқарылады.

3. Осы Кодексте көзделген көтермелеу және жазалау шараларын қолдану құқығын қылмыстық-атқару инспекциясының бастығы немесе оның орнында қалған адам толық көлемде пайдаланады.

52-бап. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеуден қасақана жалтару және бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеудің тәртібі мен шарттарын бұзу

1. Демалысын немесе демалыс және мереке күндерін өткізген орыннан дәлелсіз себептермен дер кезінде келмеу, сондай-ақ жұмыс орнынан немесе тұратын жерінен өз бетінше кетіп қалу, спирт ішімдіктерін бірнеше рет пайдалану мен есірткі заттарын медициналық емес мақсаттарда пайдалану, қылмыстық-атқару инспекциясы қызметкерлерінің заңды талаптарын орындаудан бас тарту бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеуден қасақана жалтару болып табылады.

2. Еңбек тәртібін, қоғамдық тәртіпті және сотталған адам үшін белгіленген тұру ережелерін кемінде үш рет бұзу, сондай-ақ кейін жасалған әрбір тәртіп бұзушылық алдыңғы сына жаза тағайындалғаннан кейін жасалған жағдайда оған жаза тағайындалғаны үшін сот жүктеген міндеттерді орындаудан бас тарту жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзушылық болып табылады.

53-бап. Сотталған адамдарды қадағалау және бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеу тәртібін бұзушылықтың алдын алу шаралары

1. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеушілерді қадағалауды қылмыстық-атқару инспекциясының әкімшілігі жүзеге асырады және сотталған адамдарға олардың тұратын жері мен жұмыс орны бойынша, сондай-ақ жұмыстан бос уақытында байқау мен бақылау жасауды қамтамасыз етеді. Қадағалауды жүзеге асыру тәртібі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілермен белгіленеді.

2. Сотталған адамға бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны бас бостандығынан айыруға ауыстыру туралы мәселені шешу кезінде оны ішкі істер органдары прокурордың санкциясымен жазаны өтеуден жалтарудың жолын кесу және материалдарды сотқа беру мақсатында он тәулікке дейінгі мерзімге ұстауы мүмкін.

3. Жазаны өтеуден қасақана жалтарушы сотталған адамды ішкі істер органы жалтару себептерін анықтау үшін прокурордың санкциясымен он тәулікке дейінгі мерзімге ұстауы мүмкін. Қажет болған жағдайда ішкі істер органы ұсталған адамды жазаны өтеу орнына бас бостандығынан айыруға сотталған адамдар үшін белгіленген тәртіппен жібереді және жазаны өтеуден қасақана жалтарғаны туралы деректер болған жағдайда, сотталған адамның бас бостандығын шектеудің өтелмеген мерзімін бас

бостандығынан айыруға ауыстыру туралы мәселені шешу үшін материалдарды сотталған адамның ұсталған жері бойынша сотқа береді.";

4) 58-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Сондай-ақ қылмыстық іс-әрекет объектісі, қылмыс жасау қаруы немесе құралы, айналымнан алынып қойылған зат болып табылатын мүлік сот үкімі бойынша т ә р к і л е н у г е ж а т а д ы . " ;

5) 73-баптың 2-тармағының үшінші абзацында "жаза мерзімінің кемінде үштен бірін" деген сөздер "ауыр емес және орташа ауыр қылмыстар жасағаны үшін жаза мерзімінің кемінде төрттен бірін, ауыр қылмыстар жасағаны үшін жаза мерзімінің кемінде үштен бірін" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 83-баптың 4-тармағындағы "(жүктілігінің төртінші айынан бастап)" деген сөздер а л ы п т а с т а л с ы н ;

7) 8 7 - б а п т а :

1-тармақтың бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сотталған адамның телефон арқылы әр сөйлескенде ұзақтығы он бес минутқа дейін с ө й л е с у г е к ұ қ ы ғ ы б а р . " ;

2 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

8) 97-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қылмыстық-атқару жүйесінде сотталған адамдарға медициналық қызмет көрсету үшін емдеу-профилактика мекемелері (ауруханалар, арнаулы психиатрия және туберкулез ауруханалары; медициналық бөлімдер), ал туберкулездің ашық түрімен ауыратын сотталған адамдарды ұстау және емханада емдеу үшін мәжбүрлеп емдеуді жүзеге асыратын емдеу құқығындағы түзеу мекемелері ұйымдастырылады. Алкогольге салынумен, нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауыратын сотталған адамдарды мәжбүрлеп емдеу түзеу колонияларының медициналық бөлімінде жүзеге асырылуы м ү м к і н . " ;

9) 112-баптың 3-тармағында:

"тәртіптік айыппұл, " деген сөздер алып тасталсын;

"үй-жайларға көшіру" деген сөздерден кейін ", айып оқшаулау орнына орналастыру " деген сөздермен толықтырылсын;

10) 113-баптың 7-тармағында "жыл" деген сөз "алты ай" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

11) 116-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Дағдылы, жеңілдетілген және жеңілдікті жағдайларда жазасын өтеуші сотталған адамдар - жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қасақана бұзушылар қатаң жағдайға көшірілуі мүмкін. Жеңілдетілген және жеңілдікті жағдайларда жазасын өтеуші сотталған адамдар - жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзушылар дағдылы жағдайға к ө ш і р і л е д і . " ;

1 2)

1 1 8 - б а п т а :

3-тармақтағы "төрттен үші", "алты айын" деген сөздер "үштен екісі", "үш айын" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Дағдылы, жеңілдетілген және жеңілдікті жағдайларда жазасын өтеуші сотталған адамдар - жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қасақана бұзушылар қатаң жағдайға көшірілуі мүмкін. Жеңілдетілген және жеңілдікті жағдайларда жазасын өтеуші сотталған адамдар - жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзушылар дағдылы жағдайға көшіріледі." ;

13) 120-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Дағдылы және жеңілдетілген жағдайларда жазасын өтеуші сотталған адамдар - жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қасақана бұзушылар қатаң жағдайға көшірілуі мүмкін. Жеңілдетілген жағдайда жазасын өтеуші сотталған адамдар - жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзушылар дағдылы жағдайға көшіріледі.";

14) 165-баптың 3-тармағындағы "түзеу мекемесінің" деген сөздер "тергеушілік оқшаулау орнының" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 171-баптың 1-тармағындағы "сегіз жасқа" деген сөздер "он төрт жасқа" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 172-баптың тақырыбындағы және 4-тармағындағы "сегіз жасқа" деген сөздер он төрт жасқа" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 182 - бапта :

1-тармақтағы "және өздеріне сот жүктеген міндеттерін орындауын" деген сөздер алып тасталсын ;

4-тармақтағы "өздеріне сот жүктеген міндеттерді орындауға," деген сөздер алып тасталсын ;

18) 184 - бапта :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сотталған адам қоғамдық тәртіпті бұзған, ол үшін әкімшілік жаза қолданылған жағдайда, қылмыстық-атқару инспекциясы оған шартты сотталудың күші жойылуы мүмкін екендігі туралы жазбаша нысанда ескертеді.";

2 - тармақ алып тасталсын ;

4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Шартты сотталған адам сынақ мерзімі ішінде қоғамдық тәртіпті үнемі бұзған жағдайда, не егер сотталған адам бақылаудан жасырынса, сотқа шартты жазаның күшін жою туралы ұсыныс жіберіледі.

5. Шартты сотталған адамға бір жыл ішінде екі рет әкімшілік жазаның қолданылуы оның қоғамдық тәртіпті үнемі бұзуы болып есептеледі."

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК